

Қ. С. Муқыш, ҚР ІІМ Б. Бейсенов атындағы Қарағанды академиясындағы жалпы білім беретін пәндер кафедрасының аға оқытушысы

ҚАЗАҚСТАН ЖАҒДАЙЫНДАҒЫ КОНФЕССИЯАРАЛЫҚ КЕЛІСІМ ЖӘНЕ ОНЫҢ МАҢЫЗЫ

Қазақстанның зайырлы мемлекет болуына байланысты ресми идеология дінге мейлінше бейтарап қарайды: ол діншіл де, дінге қарсы да сипатқа ие емес. Қазіргі Қазақстандағы діннің жағдайы авторитарлық, тоталитарлық және теократиялық басқару жүйесі бар мемлекеттерден түбірлі өзгешелікке ие.

Конфессияаралық бейбітшілік пен келісім — Қазақстан үшін мейлінше күрделі және өзекті мәселе. Бүгін Қазақстан әлемге тек мұнай өндіруші ел ретінде ғана емес, сондай-ақ Бүкіләлемдік діни-рухани форумның орталығы есебінде де таныс. Онда әлемдік және дәстүрлі діндердің басшылары анағұрлым маңызды заманауи діни мәселелерді шешу үшін жиналады.

Бейбітшілік пен конфессияаралық келісім салаларында Қазақстан аясында болсын, тіпті дүниежүзілік ауқымда болсын, қол жеткізген белгілі табыстарымызға қарамастан, әлі шешілмеген, жедел шешуді қажет ететін мәселелер баршылық. Әсіресе қазір дүниежүзінде діни төзімсіздік, діни экстремизм және терроризм шынайы қауіп төндіріп тұр. Олар ХХІ ғасырдың анағұрлым өткір мәселелеріне жатқызуға болады. Конфессияаралық келісіммен диалогты жетілдірудің жаңа жолдарын іздеу қажет.

Әлемдік және дәстүрлі діндердің басшыларының осындай кездесулерінің соңғы бірінде еліміздегі конфессияаралық келісім мен диалогтың маңыздылығы ерекше аталып өтілді. Әлемдік және дәстүрлі діндердің басшыларының осы бір кездесуінде конфессияаралық келісім мен диалогтың негізгі принциптері айқындалды. Олар: толеранттық, өзара құрметтеу мен түсінісу, ұлтаралық келісім мен діни төзімділік. Бұл қағидалар Қазақстандағы конфессияаралық қатынастардың да негізін құрайды. Дін даусыз біріктірудің, интеграциялық процестердің күшті факторы бола алады. Ол үшін діндерден қайшылықтарды емес, керісінше, ортақ белгілер мен принциптерді, ортақ негіздер мен ортақ құндылықтарды, біріктіруші бастауды іздеуге міндеттіміз.

Айта кететін жәйт, қазақ жері діни толеранттық пен конфессияаралық келісім бастамасында терең тамырлары бар және көне дәстүрлерге өте бай. Қазақстан көне заманнан бері сан алуан мәдениеттер мен діндердің тоғысу мекені болған. Әркімге мәлім, қазіргі Қазақстанның аумағында бірнеше ғасырлар бойы тәңіршілдік, зороастризм, манихейлік, буддизм, христиандық және ислам сияқты әр түрлі нанымдар бейбіт бірге өмір сүрген, яғни толеранттық пен конфессияаралық келісімнің үлгісі болған.

Сондықтан Қазақстан Республикасының Президентінің әділ айтқанындай: «Қоғамдағы этносаралық және конфессияаралық келісім мен ықыластылықты одан әрі нығайтуға қажетті қолайлы жағдайларды қамтамасыз ету»¹.

Діни кітаптарды қай жерлерде таратуға болатынына дейін анық жазылған болатын. Себебі әртүрлі діни сектаның өкілдері көше-көшені кезіп, үй-үйді аралап, әр адамның пәтеріне келіп, өздерінің уағыздалатын деректері туралы кітаптарын беріп, өздерінің діни ұйымына шақырып жүргеніне барша азаматтың күйеу болғаны анық. Сондай іс-әрекеттерге тосқауыл қою керек болды. Осы аталған мәселенің барлығы жуырда қолданысқа енгізілген жаңа заңда да толығымен қарастырылған.

Бүгінгі жаһандану заманында тұрақтылық пен қауіпсіздікті қамтамасыз ету тұрғысынан Шығыс пен Батыстың жақындасуы Еуразия кеңістігіндегі мемлекеттердің дүниеге деген қатынасы мен интеграциясы іспетті аса тарихи қажеттілікке айналуда. Жаһандану заманында адам мен табиғат, техника мен адамгершілік, ислам мен христиандық, ұлттық пен адамзаттық құндылықтар арасындағы теңсіздік аса зор әлемдік күйреуге барлық адамзаттың жойылуына апарып соқтыруы ықтимал.

Қазақстандағы қазіргі діни ахуал әрі сан-салалы. Кейбір деректер бойынша, 1989 жылғы 1 қаңтарда 30 конфессияға тиесілі 700-ге жуық діни бірлестіктер болса, 2003 жылдың 1 қаңтарында 3206 діни бірлестіктер жұмыс істеген. Олардың арасында 1652 исламдық, соның ішінде 1642 сунниттік, 2 шииттік, 2 сопылық, 4 ахмадия ағымдары бар. Бұған қоса православиелік шіркеуге жататын 241 діни бірлестік 7 старообрядтық шіркеу, 77 римдік-католиктік шіркеу, бірқатар протестанттық бірлестік жұмыс істейді.

Қазіргі Қазақстандағы дәстүрлі емес діни қауымдарға 5 буддистік 24 индуистік, 12 кришнаиттік, 23 бахайстер, 2 трансценденталды медитация қауымы, ұлы ақ бауырластық 2 қауымы, 6 саентология шіркеуі және тағы басқа қауымдар. Кейінгі кезде католик, протестанттық және дәстүрлі емес діни құрылымдар өз қызметтерін белсенді түрде жүргізуде. «Иегова куәгерлері» Қазақстандығы саны жағынан өсіп келе жатқан конфессия болып отыр. Оның діни орталығы Есік қаласында орналасқан, 70-тен астам діни бірлестіктері әділет орындарында ресми тіркелген.

2009 жылғы халық санағы бойынша, Қазақстан халқының 70,2 %-ы мұсылмандар, 26,3-і христиандар, 0,1 %-ы буддистер, 2,8 %-і ешқандай дінге сенбейтіндер, 0,5 %-ы жауап беруден бас тартқан.

Әдетте түркі тілдес халықтарды мұсылман дініне ойланбай жатқызады. Бірақ халық санағы көрсеткендей, қазақтардың 0,4 %-ы (39 172) адам христиан дініне, 1 923-і — иудаизмге, 749-ы — буддизмге, 1 612 адам басқа діндерге өткен. 98 511 қазақ ешқандай дінде жоқ. 26 085 адам жауап бермеген. Сонымен бірге, өзбектердің де 0,4 %-ы, ұйғырлардың — 0,5 %-ы, татарлардың — 10,2 %-ы, түріктердің — 0,3 %-ы, әзербайжандардың — 2,5 %-ы, қырғыздардың — 0,9 %-ы христиандар екен. Сондай-ақ орыстардың — 1,4 %-ы, украиндардың — 0,9 %-ы, немістердің — 1,6 %-ы, корейлердің — 5,2 %-ы, белорустардың — 0,8 %-ы, поляктардың — 0,7 %-ы, басқа ұсақ этностық топтардың 34,7 %-ы исламдық қабылдаған. Қазақстандықтардың дін таңдауында, сөз жоқ, аралас некенің де ықпалы бар. Тағы бір назар аударалық мәселе: украиндардың — 7,3 %-ы, немістердің — 14 %-ы, корейлердің — 28,5 %-ы, белорустардың 7,8 %-ы ешқандай дінде жоқ².

1999 жылы діни бірлестіктердің құқықтары мен мүдделерін қорғау мақсатымен Қазақстанның діни бірлестіктер қауымдастығы құрылды. Бұл қауымдастықтың 200-ге жуық діни бірлестіктерді біріктірді. Сондықтан, мемлекеттік билік осы жәйттардың барлығын ескере отырып, 1992 жылы қабылданған заңды қайта қарап, мемлекетімізде жаңадан заң қабылдау керек деп шешті. Мемлекет Басшысы Н. Ә. Назарбаев 2011 жылы 11 қазанда қол қойып бекітті. Бұл халықтың күткен заңы болатын. Аталған заң жобасы 10 күннен кейін өзінің күшіне енді. Заң халықтың игілігі мен мұраты үшін қызмет ететіні хақ.

Жаңа Заң бойынша Қазақстан азаматтары, шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдар миссионерлік қызметті Дін істері агенттігінің тіркеуінен кейін ғана жүзеге асыратын болды. Тіркеуден өтпеген жағдайда, Қазақстан Республикасында миссионерлік қызмет атқаруға тыйым салынады. Қазақстан Республикасының аумағындағы шетелдік миссионерлер Дін істері агенттігінің барлық облыстарда, Астана мен Алматы қалаларында құрылған департаменттерінде жыл сайын қайта тіркеуден өтуге міндетті болып табылады.

Діни топтар мен ұйымдардың түп тарихын зерттей отырып қайта тіркеуден өткізу, «миссионерлік қызмет» ұғымын нақтылау, діни мазмұндағы әдебиеттерді таратуға шектеулер қою, мінәжат ету орындарын салу істерін реттеу, отбасын бұзуға ықпал ететін, адамгершілікке нұқсан келтіретін, білім алуға жол бермейтін, азаматтардың денсаулығына зиян келтіретін діни бірлестіктердің қызметіне тыйым салу, сондай-ақ діни өнімдердің таралу үрдісін реттеу жағы дұрыс толық қарастырылған.

Мемлекеттің ішіндегі халықты ішкі қақтығыстарға, тіпті бір ұлттың өзі бөлініп-жарылып бір-бірімен соғысуға алып келетін қасіреттерді болдырмау үшін алдын ала тәртіп орнатуы қажет. Сондықтан, діни ұйымдарды мемлекет қатаң бақылауда ұстауы керек. Мемлекет ішінде қабылданған жаңа заң осы мақсатқа қызмет ететіндігіне біз кәміл сенеміз. Кез келген мемлекеттің ішкі және сыртқы қауіп-қатерлерін қорғап, оны қауіпсіздіктен сақтайтын мемлекеттің заңы болып табылады. 1992 жылғы заң асығыс ретінде қабылданған болатын, ал жаңадан қабылданған заң, мемлекеттің игілігі мен халықтың біртұтастығын, сондай-ақ мемлекеттің тыныштығы мен одан әрі дамуына өзінің ықпалын тигізетін болады³.

Қорытындылай келгенде, конфессияаралық келісім мәселесінің үнемі Елбасымыз бен Үкіметіміздің басты назарында екендігін, бұл бағытта үнемі жұмыс істеп жатқандығын ерекше атап өткен жөн. Мұның жарқын дәлелі ретінде, екі әлемдік діннің, атап айтсақ исламдағы «Құрбан айт» пен православиядағы «Рождество» діни мейрамдарын мемлекеттік мейрам деп жариялау жөніндегі шешімді ерекше атауға болады. Мемлекетімізде ислам мен православиялық бағыт тұрақтылықпен өзара келісімді, түсіністікті сақтау мен нығайтуда маңызды қызмет атқарады. Дегенмен де Қазақстан аумағында болып жатқан кейінгі оқиғалар қоғамда алаңдаушылық тудырмай қоймайды. Бұл осы күнге дейінгі дін мәселелеріне бейтарап қарап келгеніміздің жемісі деуімізге болады. Ендігі жағдай мемлекет пен қоғамға екі еселеп күш салуды талап етіп отыр. Бұл құбылыстың жігін жатқызу құқықтық-әкімшілік нормалармен күш қолдану арқылы іске аспайтындығы белгілі болып отыр. Сондықтан да, уланған сананы ұлттық иммунитет арқылы ғана тоқтау қоя алатындығымызға сеніп, санасына жеткізу тәсілденін қарастыруымыз қажет.

¹ Дарханбаев Ж., Құрманалиева А. Қазақстандағы діни ахуал: дін және мемлекет қатынастары abai-akparat@mail.ru.

² А. Айталы. Жаңа діни ахуал: Мүмкіндіктер мен қатерлер. // Егемен Қазақстан 2011. 4 қараша.

³ Ш. Уалиханов. Қырғыз - Қайсақ моласы және жалпы көне кезең туралы. Көп томдық шығармалар жинағы — Алматы, 2010. -376-6.

ХАБАРШЫ-ВЕСТНИК КАРАГАНДИНСКОЙ АКАДЕМИИ МВД РК

Резюме

В статье рассматриваются истоки и современное состояние межконфессиональной и религиозной толерантности в Казахстане, значимость использования накопленного многовекового опыта мирного сосуществования разных этносов и конфессий для ответа на вызовы глобализирующегося мира.

Resume

The article discusses the origins and current status of interfaith and religious tolerance in Kazakhstan, the relevance of lessons here centuries-old experience of the peaceful coexistence of different ethnic groups and faiths to meet the challenges of a globalizing world.